



№ 215-17

БҰЙРЫҚ

«09» 09 2022 г.

О несчастном случае

9 августа 2022 года произошел несчастный случай с Бектурсыновым Куанышем Мухтарұлы, электромонтером по эксплуатации распределительных сетей Өтеген Батыр РЭС АО «АЖК», 1992 года рождения, стаж работы в должности 8 лет.

Указанный несчастный случай произошел при следующих обстоятельствах.

9 августа 2022 года около 8 час. 30 мин. мастеру сетевого участка «Боралдай» ОБРЭС Дуйсембекову Ж.С. позвонил аким сельского округа с просьбой провести осмотр ВЛ-0,4кВ после прохождения накануне штормового ветра. Указанные сети находятся на балансе акимата.

В отсутствие официального письменного договора между АО «АЖК» и акиматом сельского округа по обслуживанию абонентских электрических сетей и в нарушение требований действующих нормативных документов Дуйсембеков Ж.С. выписал распоряжение №р-2-51 на проведение обхода и осмотра указанных акимом электроустановок. При этом диспетчер района ОДГ ОБРЭС Кошкенбаев Ж.Т. выдал согласие на допуск бригады.

Однако до начала работы по распоряжению №р-2-51 бригада сетевого участка «Боралдай» в составе мастера Дуйсембекова Ж.С. (5 группы по э/безопасности) и электромонтеров по эксплуатации распределительных сетей Тоқтарғали А.А. (4 группа по э/безопасности), Бектурсынова К.М. (3 группа по э/безопасности), Кенжетаева Н.Е. (3 группа по э/безопасности) и Серикбаева Н.Б. (2 группа по э/безопасности) без оформления наряда-допуска приступила к обходу ТП-10/0,4кВ, находящихся на балансе ОБРЭС, и устранению выявленных дефектов.

После обеденного перерыва мастер Дуйсембеков Ж.С. направил бригаду на выполнение обхода и осмотра электрических сетей акимата по распоряжению №р-2-51.

Около 15 час. 10 мин. бригада прибыла к ТП-10/0,4кВ №7. Производитель работ Тоқтарғали А.А. без проведения членам бригады целевого инструктажа раздал всем указания, после чего группа в составе электромонтеров Тоқтарғали А.А. и Серикбаева Н.Б. направилась для низового осмотра отходящей ВЛ-0,4кВ, а группа в составе электромонтеров Бектурсынова К.М. и Кенжетаева Н.Е. осталась возле ТП №7, ожидая результатов обхода. При этом производитель работ Тоқтарғали А.А. в устном порядке дал распоряжение Бектурсынову К.М. и Кенжетаеву Н.Е. не производить никаких самостоятельных действий.

Около 15 час. 25 мин., в момент отсутствия рядом Кенжетаева Н.Е., Бектурсынов К.М. по собственной инициативе и в преднамеренном нарушении полученного задания принял решение осмотреть состояние коммутационных аппаратов в РУ-0,4кВ ТП №7. Не надев диэлектрические перчатки и спецодежду (куртку), он произвел выключение и включение одного из низковольтных автоматических выключателей. При этом произошло короткое замыкание и возникла электрическая дуга, которая обожгла Бектурсынову К.М. правую руку и шею. Прибежавший на звук короткого замыкания Кенжетаев Н.Е. доставил пострадавшего в медицинское учреждение, где ему был поставлен диагноз:

«Термический ожог I-II степеней правого предплечья, плеча, кисти и шейной области справа».

Основными причинами произошедшего несчастного случая явились:

1) Преднамеренное нарушение пунктов 20 и 150 Правил техники безопасности при эксплуатации электроустановок и самонадеянность электромонтера Бектурсынова К.М., который неправильно оценил риск поражения электрическим током и допустил действия, приведшие к негативным последствиям для его здоровья;

2) Не соблюдение требований пункта 40 Правил техники безопасности при эксплуатации электроустановок и пункта 207 Типовой инструкции по переключениям в электроустановках электромонтером Бектурсыновым К.М., а именно: самовольные действия с расширением объема полученного задания;

3) Нарушение электромонтером Бектурсыновым К.М пункта 1.7 Инструкции по безопасности и охране труда для электромонтера по эксплуатации распределительных сетей, а именно: не использование средств индивидуальной защиты, предоставленных работодателем;

4) Низкий уровень организации производства работ должностными лицами ОБРЭС, уполномоченными за безопасное проведение работ, а именно:

- выдача мастером Дуйсембековым Ж.С. распоряжения №р-2-51 на выполнение работ в электрических сетях сельского акимата при отсутствии договора на техническое обслуживание электроустановок (нарушение пункта 3 Правил технической эксплуатации электроустановок потребителей);

- проведение мастером Дуйсембековым Ж.С. работ, выходящих за рамки распоряжения №р-2-51, без выполнения организационных мероприятий по безопасности работ (нарушение пункта 40 Правил техники безопасности при эксплуатации электроустановок);

- выдача диспетчером района Кошкенбаевым Ж.Т. согласия на допуск бригады на незакрепленное за ОБРЭС электрооборудование (нарушение пункта 1075 Правил технической эксплуатации электрических станций и сетей и пункта 29 Правил технической эксплуатации электроустановок потребителей);

- отсутствие контроля со стороны производителя работ Тоқтарғали А.А. за наличием у члена бригады обязательных средств индивидуальной защиты (нарушение подпункта 3 пункта 53 Правил техники безопасности при эксплуатации электроустановок);

- не проведение производителем работ Тоқтарғали А.А. целевого инструктажа бригаде (нарушение пунктов 61 и 84 Правил работы с персоналом в энергетических организациях Республики Казахстан);

- отсутствие со стороны производителя работ Тоқтарғали А.А. постоянного контроля за членами бригады (нарушение подпункта 6 пункта 53 Правил техники безопасности при эксплуатации электроустановок).

Комиссия АО «АЖК» по расследованию несчастного случая с электромонтером ОБРЭС Бектурсыновым К.М. на основании имеющихся фактических результатов пришла к выводу, что данный несчастный случай в соответствии с подпунктом 1 пункта 3 статьи 186 Трудового кодекса Республики Казахстан не связан с трудовой деятельностью и не подлежит учету в АО «АЖК».

В целях профилактики производственного травматизма и исключения нарушений требований нормативных документов в области безопасности и охраны труда,

ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Руководителям производственных структурных подразделений:

- 1) до 16 сентября 2022 года ознакомить весь производственный персонал с настоящим приказом;
 - 2) до 20 сентября 2022 года провести внеплановый инструктаж с производственным персоналом на темы:
 - «Ответственность уполномоченных лиц за безопасное проведение работ по нарядам и распоряжениям»;
 - «Меры безопасности и оценка риска при выполнении работ в действующих электроустановках»;
 - «Недопустимость и возможные последствия самовольного расширения рабочих мест и объема задания, определенных нарядом или распоряжением»;
 - 3) Исключить в деятельности структурных подразделений выполнение каких-либо работ в абонентских электрических сетях при отсутствии письменного договора на их обслуживание;
 - 4) Повысить качество проведения производственного обучения работников производственного сектора.
2. Начальнику УКНиОТ Бисенову до 30 сентября 2022 года:
 - 1) Совместно с Управлением электрических сетей области организовать проведение комплексной проверки подразделений Өтеген Батыр РЭС по вопросам трудовой и исполнительской дисциплины, промышленной и пожарной безопасности, работы с персоналом, ведения технической документации;
 - 2) Составить график и провести в Центральной комиссии АО «АЖК» внеочередную квалификационную проверку знаний следующих работников Өтеген Батыр РЭС: начальника РЭС, главного инженера РЭС, старшего мастера, начальника оперативно-диспетчерской группы, диспетчеров района, мастеров сетевых участков.
 3. В соответствии с подпунктом 3 пункта 1 статьи 64 Трудового кодекса Республики Казахстан за нарушение трудовой и исполнительской дисциплины, а также требований охраны труда, приведшее к несчастному случаю, объявить строгий выговор следующим работникам Өтеген Батыр РЭС:
 - 1) Дуйсембекову Жайдару Сериковичу, мастеру участка «Боралдай»;
 - 2) Токтарғали Айдосу Ахметкәрімұлы, электромонтеру по эксплуатации распределительных сетей участка «Боралдай»;
 - 3) Бектурсынову Куанышу Мухтарұлы, электромонтеру по эксплуатации распределительных сетей участка «Боралдай».
 4. В соответствии с подпунктом 2 пункта 1 статьи 64 Трудового кодекса Республики Казахстан за нарушение должностных обязанностей, приведшее к несчастному случаю, объявить выговор Кошкенбаеву Женису Тилехановичу, диспетчеру района оперативно-диспетчерской группы Өтеген Батыр РЭС.
 5. В соответствии с подпунктом 1 пункта 1 статьи 64 Трудового кодекса Республики Казахстан за недостаточный уровень контроля над подчиненным персоналом объявить замечание главному инженеру Өтеген Батыр РЭС Есекееву Кариму Абдырахмановичу.
 6. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

Председатель Правления

А. Асыллов

Рассылается: по списку №1: Адильбекову Н.К., Сағындыкову Б.К., Торғаеву Ш.Б., Нурахманову Б.Т.;
по списку №2: УЭСО, УГЭРС, УД, УГБ, УРЗА, ОДУ, УМ, ЦРЭО, УЛЭП, УТК, УКНиОТ, УРЧР;
по спискам № 3,4 – в полном объеме.

Исп. Матенова О.В., тел. 3761616



№ 215-а

БҰЙРЫҚ

«09» 09 2022 г.

Жазатайым оқиға туралы

2022 жылғы 9 тамызда «АЖК» АҚ Өтеген Батыр ЭТА бөлу тораптарын пайдалану жөніндегі электр монтері, 1992 жылы туған, Бектұрсынов Қуаныш Мұхтарұлымен жазатайым оқиға орын алды, лауазымдағы жұмыс өтілі 8 жыл.

Аталған жазатайым оқиға мынадай жағдайларда орын алды.

2022 жылдың 9 тамызында шамамен сағат 8:30-да ӨБЭТА «Боралдай» желілік учаскесінің шебері Ж.С.Дүйсембековке ауылдық округ әкімі дауылды жел өткеннен кейін 0,4кВ-ЭЖ-ні тексеруді өткізу туралы өтінішпен қоңырау шалды. Көрсетілген желілер әкімдіктің теңгерімінде тұр.

«АЖК» АҚ мен ауылдық округ әкімдігі арасында абоненттік электр желілеріне қызмет көрсету бойынша ресми жазбаша шарт болмаған және қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын бұза отырып, Ж.С.Дүйсембеков әкім көрсеткен электр қондырғыларын аралау мен қарап-тексеруге №р-2-51 өкімді жазып берді. Бұл ретте ӨБЭТА ЖДТ ауданының диспетчері Ж.Т.Кошкенбаев бригаданы жіберуге келісім берді.

Алайда, №р-2-51 өкім бойынша жұмыс басталғанға дейін құрамында шебер Ж.С.Дүйсембеков бар «Боралдай» желілік учаске бригадасы (эл/қауіпсіздігі бойынша 5 топ) және бөлу тораптарын пайдалану жөніндегі электр монтерлері А.А.Тоқтарғали (эл/қауіпсіздігі бойынша 4 топ), К.М.Бектұрсынов (эл/қауіпсіздігі бойынша 3 топ), Н.Е.Кенжетаев (эл/қауіпсіздігі бойынша 3 топ) және Н.Б.Серикбаев (эл/қауіпсіздігі бойынша 2 топ) наряд-рұқсатты ресімдеусіз ӨБЭТА теңгеріміндегі 10/0,4кВ-ТҚС-ны қарап және анықталған ақауларды жоюға кірісті.

Түскі үзілістен кейін шебер Ж.С.Дүйсембеков бригаданы №р-2-51 өкімі бойынша әкімдіктің электр желілерін аралап, қарап шығуға жіберді.

Шамамен сағат 15:10-да бригада №7 ТП-10/0,4кВ-ТҚС-ға келді. Жұмыс өндіруші А.А.Тоқтарғали бригада мүшелеріне мақсатты нұсқама өткізбестен, барлығына нұсқау берді, содан кейін топтың құрамындағы электромонтерлер А.А.Тоқтарғали және Н.Б.Серикбаев шығыс 0,4кВ-ЭЖ-ні төменгі қарап тексеру үшін жолға шықты, ал құрамында К.М.Бектұрсынов және Н.Е.Кенжетаев электромонтерлері бар топ №7 ТҚС жанында қалып, қарап-тексеру нәтижелерін күтті. Бұл ретте жұмыс өндіруші Тоқтарғали А.А. ауызша тәртіппен К.М. Бектұрсыновқа және Н.Е.Кенжетаевқа ешқандай дербес іс-қимыл жасамауға өкім берді.

Шамамен сағат 15:15-те Н.Е.Кенжетаев жанында болмаған сәтте, К.М.Бектұрсынов өз бастамасы бойынша және алынған тапсырманы әдейі бұзып №7 ТҚС 0,4кВ-БҚ-да коммутациялық аппараттардың жағдайын қарау туралы шешім қабылдады. Диэлектрлік қолғап пен арнайы киімді (күртешені) кимей, ол төмен вольтты автоматты ажыратқыштардың бірін сөндіріп, іске қосты. Бұл ретте қысқа тұйықталу орын алып, электр доғасы пайда болды, ол К.М.Бектұрсыновтың оң қолы мен мойнын күйдірді. Қысқа тұйықталу дыбысына жүгіріп келген Н.Е.Кенжетаев зардап шегушіні медициналық мекемеге жеткізді, ол жерде оған «Оң жақ білектің, иықтың, қолдың және оң жақ мойын аймағының I-II дәрежелі термиялық күйігі» диагнозы қойылды.

Орын алған жазатайым оқиғаның негізгі себептері:

1) Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының 20 және 150-тармақтарын қасақана бұзу және электр тогымен зақымдану қаупін дұрыс бағаламаған және оның денсаулығы үшін теріс салдарларға әкеп соқтырған әрекеттерге жол берген электр монтер Қ.М.Бектұрсыновтың менмендігі;

2) Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының 40-тармағының және Электр қондырғыларындағы ауыстырып қосу жөніндегі үлгілік нұсқаулықтың 207-тармағының талаптарын электр монтері Қ.М.Бектұрсыновтың сақтамауы, атап айтқанда: алынған тапсырманың көлемін кеңейту арқылы өз бетінше әрекет ету;

3) Қ.М.Бектұрсыновтың бөлу тораптарын пайдалану жөніндегі электр монтері үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтың 1.7-тармағын бұзуы, атап айтқанда: жұмыс беруші ұсынған жеке қорғану құралдарын пайдаланбау;

4) Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге уәкілетті ӨБЭТА лауазымды тұлғаларының жұмыс өндірісін ұйымдастырудың төмен деңгейі, атап айтқанда:

- шебер Ж.С.Дүйсембековтің электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету шарты болмаған жағдайда ауыл әкімдігінің электр желілерінде жұмыстарды орындауға № р-2-51 өкімін беруі (Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережесінің 3-тармағын бұзу);

- шебер Ж.С.Дүйсембековтің № р-2-51 өкімінің шегінен шығатын жұмыстарды жұмыс қауіпсіздігі бойынша ұйымдастыру іс-шараларын орындамай жүргізуі (Электр қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерінің 40-тармағын бұзу);

- аудан диспетчері Ж.Т.Көшкенбаевтың бригадаға ӨБЭТА-ға бекітілмеген электр жабдығына жұмысқа рұқсат беру келісімін беруі (Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларының 1075-тармағын және Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларының 29-тармағын бұзу);

- жұмысты жүргізуші А.А.Тоқтарғали тарапынан бригада мүшесінің міндетті жеке қорғану құралдарының болуына бақылаудың болмауы (Электр қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережесінің 53-тармағының 3-тармақшасын бұзу);

- жұмысты жүргізуші А.А.Тоқтарғали бригадаға мақсатты нұсқама жүргізбеуі (Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу ережесінің 61 және 84-тармақтарын бұзу);

- жұмысты жүргізуші А.А.Тоқтарғали тарапынан бригада мүшелеріне тұрақты бақылаудың болмауы (Электр қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерінің 53-тармағының 6-тармақшасын бұзу).

«АЖК» АҚ ӨБЭТА электромонтері Қ.М.Бектұрсыновпен болған жазатайым оқиғаны тексеру жөніндегі комиссиясы қолда бар нақты нәтижелер негізінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бұл жазатайым оқиға еңбек қызметіне байланысты емес және «АЖК» АҚ-да есепке алынбайды деген қорытындыға келді.

Өндірістік жарақаттанудың алдын алу және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құжаттар талаптарының бұзылуын болдырмау мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Өндірістік құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

1) 2022 жылғы 16 қыркүйекке дейін барлық өндірістік персоналды осы бұйрықпен таныстырсын;

2) 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейін өндірістік персоналмен келесі тақырыптар бойынша жоспардан тыс нұсқама жүргізілсін:

- «Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін уәкілетті тұлғалардың жауапкершілігі»;
 - «Қолданыстағы электр қондырғыларында жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік шаралары және тәуекелді бағалау»;
 - «Нарядпен немесе өкіммен анықталған жұмыс орындарын және тапсырма көлемін өз еркімен кеңейтудің ықтимал салдары және оған жол бермеу»;
- 3) Құрылымдық бөлімшелердің қызметінде абоненттік электр желілерінде оларға қызмет көрсетуге жазбаша шарт болмаған кезде қандай да бір жұмыстарды орындау алынып тасталсын;
 - 4) Өндірістік сектор қызметкерлеріне өндірістік оқыту жүргізудің сапасы арттырылсын.
2. СБЖЕҚБ бастығы Б.С.Бисеновке 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін:
 - 1) Облыстық электр тораптары басқармасымен бірлесіп, еңбек және орындаушылық тәртіп, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, персоналмен жұмыс, техникалық құжаттаманы жүргізу мәселелері бойынша Өтеген Батыр ЭТА бөлімшелеріне кешенді тексеру жүргізуді ұйымдастырсын;
 - 2) Өтеген Батыр ЭТА-ның келесі қызметкерлерінің: ЭТА бастығы, ЭТА бас инженері, аға шебері, жедел-диспетчерлік топ бастығы, аудан диспетчерлері, желілік учаскелер шеберлерінің біліміне кезектен тыс біліктілік тексеруін жүргізу кестесін жасасын және «АЖК» АҚ Орталық комиссиясында өткізсін.
 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жазатайым оқиғаға әкеп соқтырған еңбек тәртібін және еңбекті қорғау талаптарын бұзғаны үшін Өтеген Батыр ЭТА-ның келесі жұмыскерлеріне қатаң сөгіс жариялансын:
 - 1) «Боралдай» учаскесінің шебері Дүйсембеков Жайдар Серікұлына;
 - 2) «Боралдай» учаскесінің бөлу тораптарын пайдалану жөніндегі электр монтері Тоқтарғали Айдос Ахметкәрімұлына;
 - 3) «Боралдай» учаскесінің бөлу тораптарын пайдалану жөніндегі электр монтері Бектұрсынов Қуаныш Мұхтарұлына
 4. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жазатайым жағдайға әкеп соққан лауазымдық міндеттерін бұзғаны үшін Өтеген Батыр ЭТА жедел-диспетчерлік тобының аудан диспетчері Жеңіс Тілеханұлы Көшкенбаевқа сөгіс жариялансын.
 5. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бағынысты персоналды бақылаудың жеткіліксіз деңгейі үшін Өтеген Батыр РЭҚ бас инженері Кәрім Әбдірахманұлы Есекеевке ескерту жариялансын.
 6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма Төрағасы

А. Асыллов

Таратылады:

№1 тізім бойынша: Адильбеков Н.Қ., Сағындықов Б.Қ., Торгаев Ш.Б., Нурахманов Б.Т.;
 №2 тізім бойынша: СЭТБ, ҚБЭТБ, ДБ, РҚАБ, ЖДБ, МБ, ЭЖЖЦ, ЭЖЖБ, ТКБ, СБЖЕҚБ, АРДБ;
 № 3,4 тізім бойынша: толық көлемде.

Орынд. Матенова О.В.,
 тел. 3761616